ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
АҚЖАЙЫҚ АУДАНДЫҚ
МӘСЛИХАТЫ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ
АКЖАИКСКИЙ РАЙОННЫЙ
МАСЛИХАТ

ШЕШІМ

РЕШЕНИЕ

2022 жылғы 15 сәуірдегі

№ 14-4

Чапаев ауылы

село Чапаево

Ақжайық аудандық мәслихатының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 11-2 «2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақжайық аудандық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Ақжайық аудандық мәслихатының «2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 11-2 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26321 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. 2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет 1, 2 және 3 - қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2022 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 9 660 147 мың теңге:

салықтық түсімдер – 1 490 175 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 11 321 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 6 525 мың теңге;

трансферттер түсімі – 8 152 126 мың теңге;

2) шығындар – 9 989 853 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 104 537 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 183 780 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 111 857 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 434 243 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 434 243 мың теңге;

қарыздар түсімі – 183 780 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 111 857 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 362 320 мың теңге.»;

4-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«4. 2022 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен бөлінетін нысаналы трансферттердің жалпы соммасы 916 307 мың теңге көлемінде ескерілсін:

азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге – 229 586 мың теңге;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге – 100 368 мың теңге;

балаларға кепілдендірілген әлеуметтік пакетке – 25 906 мың теңге;

протездік-ортопедиялық, сурдотехникалық, тифлотехникалық құралдар, арнайы жүріп-тұру құралдары (кресло-арбалар), техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдары кеңейту, ақпаратты Брайль қарпімен енгізу/шығару арқылы сөйлеу синтезі бар портативтік тифлокомпьютерге – 19 405 мың теңге;

мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайту, Spina bifida диагнозымен мүгедек балаларды бір реттік қолданылатын катетерлермен қамтамасыз етуге – 12 006 мың теңге;

ымдау тілі маманының қызметін көрсетуге – 956 мың теңге;

санаторлы-курорттық емдеуге – 1 588 мың теңге;

жалақыны ішінара субсидиялауға және жастар практикасына – 77 792 мың теңге;

жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыру үшін гранттарға – 55 134 мың теңге;

қоғамдық жұмыстарға – 10 201 мың теңге;

мемлекеттік ұйымдардың: стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі медициналық - әлеуметтік мекелемелер, үйде қызмет көрсету, уақытшы болу ұйымдары, халықты жұмыспен қамту орталықтары жұмыскерлерінің жалақысын көтеруге – 82 964 мың теңге;

мемлекеттік мәдениет ұйымдарының және архив мекемелерінің басқарушы және негізгі персоналына мәдениет ұйымдарындағы және архив мекемелеріндегі ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық айлықақысына қосымша ақылар белгілеуге – 82 172 мың теңге;

БҚО Ақжайық ауданы Тайпақ ауылына кіреберіс жолды күрделі жөндеуге – 156 844 мың теңге;

БҚО, Ақжайық ауданы Чапаев ауылындағы ауылішілік жолдарды (Қазақстан, Ихсанов, Мәңгілік ел, Сейфуллин, Сырым батыр, Орақбаева, Құрманғазы көшелері) күрделі жөндеуге – 61 385 мың теңге.»;

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«6. 2022 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен бөлінетін нысаналы трансферттердің жалпы соммасы 531 733 мың теңге көлемінде ескерілсін:

«Алғашқы жұмыс орны» жобасына – 9 680 мың теңге;

тұрғын үй сертификаттарына – 4 500 мың теңге;

факторлық-баллдық шкалаға негізделген мемлекеттік қызметкерлерге еңбек ақы төлеудің жаңа жүйесіне – 373 827 мың теңге;

жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттарға – 18 378 мың теңге;

еңбек нарығында сұранысқа ие біліктіліктер мен дағдылар бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға – 7 460 мың теңге;

арнайы қозғалыс құралдарына (кресло-арбалар) – 823 мың теңге;

санаторлы-курорттық емдеуге – 2 563 мың теңге;

сурдотехникалық құралдарға – 945 мың теңге;

тифлотехникалық құралдарға – 2 517 мың теңге.

БҚО Ақжайық ауданы Алғабас ауылына дейінгі автомобиль жолын күрделі жөндеуге (түзету) – 111 040 мың теңге.»;

7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«7. 2022 жылға арналған аудандық бюджетте нысаналы даму трансфертіне бөлінетін жалпы соммасы 111 145 мың теңге көлемінде ескерілсін:

БҚО Ақжайық ауданы Чапаев ауылы екі 3 қабатты 24 пәтерлік тұрғын үйдің құрылысына – 96 233 мың теңге.

БҚО, Ақжайық ауданы, Чапаев кентінің солтүстік және оңтүстік тұрғын ауданының (электр желілері) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысына (қайта түзету) – 14 912 мың теңге.»;

11-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«11. Жергілікті бюджеттердің теңгерімділігін қамтамасыз ету үшін 2022 жылдың кірістер бөлу нормативі төмендегі кіші сыныптар кірістері бойынша белгіленсін:

1) ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетке 86% мөлшерінде есепке алынады;

2) төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетке 86% мөлшерінде есепке алынады;

3) төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетке 100% мөлшерінде есепке алынады;

4) төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетке 86% мөлшерінде есепке алынады;

5) әлеуметтік салық аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетке 86% мөлшерінде есепке алынады;

6) өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетке 0% мөлшерінде есепке алынады.»;

15-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«15. 2022 жылға арналған ауданның жергілікті атқарушы органдарының резерві – 27 258 мың теңге көлемінде бекітілсін.»;

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат хатшысы **С.Сиражев**